

Басқарушы компаниялардың қызметін тексеру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1999 жылғы 1 сәуір N 350

"Қазақстан Республикасының 1999 жылға арналған республикалық бюджеті туралы"
"Қазақстан Республикасының Заңын орындау үшін және бюджеттің кіріс бөлігін ұлғайту мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Басқарушы компаниялардың қызметіне тексеру жүргізу үшін қоса беріліп отырған комиссия құрамы бекітілсін.

2. Комиссия басқарушы компаниялардың акционерлік қоғамдар акцияларының мемлекеттік пакеттерін басқару жөніндегі келісім-шарттар (шарттар) және концессия шарттары бойынша міндеттемелерін орындауына қоса беріліп отырған кестеге сәйкес тексеру жүргізісін және тексеру аяқталғаннан кейін 3 күннің ішінде Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныстар берсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Қазақстан Республикасының Қаржы министрі О. Ә. Жандосовқа жүктелсін.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді және жариялауға жатады.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің 1999 жылғы
1 сәуірдегі N 350
қаулысымен
бекітілген

Басқарушы компаниялардың қызметіне тексеру жүргізуге
арналған комиссияның
Құрамы

Ғалиаусат - Қазақстан Республикасы
Қайырбекұлы Премьер-Министрінің Кеңсесі Басшысының
Кешубаев орынбасары, төраға

Комиссия мүшелері:

Дәнияр Рүстемұлы - Қазақстан Республикасының Қаржы
Әбілғазин вице-министрі - Қаржы министрлігінің
Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру
департаменті директорының міндетін
атқарушы

Мерей Құрманұлы - Қазақстан Республикасының Әділет
Уәйісов вице-министрі

Сәуле Мұсақызы - Қазақстан Республикасының Энергетика,
Жолдыбаева индустрия және сауда вице-министрі

Анатолий Васильевич - Қазақстан Республикасы Бас
Константинов Прокурорының орынбасары (келісім бойынша)

Серік Шолпанқұлұлы - Қазақстан Республикасының
Құрманғалиев Монополияға қарсы саясат және бәсекені
қорғау жөніндегі агенттігі төрағасының
орынбасары

Қайрат - Қазақстан Республикасының Мемлекеттік
Айтмұхамбетұлы кіріс вице-министрі
Нұрпейісов

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің 1999 жылғы
1 сәуірдегі N 350
қаулысына

ҚОСЫМША

Басқарушы компаниялардың келісім-шарттар (шарттар) бойынша
міндеттемелерін орындауына тексеру жүргізудің
Кестесі

Рет	Сенімді басқаруға	Басқарушы	Тексеру
N	(концессияға) берілген	компаниялардың	жүргізілетін күн
	шаруашылық жүргізуші	атауы	
	субъектілердің атауы		
1	Павлодар мұнай өңдеу зауыты	"CCL OIL"	1999 жылдың
		компаниясы (АҚШ)	5 сәуірінен бастап
2	"Заңғар" сауда үйі" АҚ	"Butya" ЖШС	1999 жылдың
		(Қазақстан)	12 сәуірінен
			бастап
3	"Қазақгаз", "Алаугаз",	"Акцепт-Клиринг"	1999 жылдың
	"Батыстрансгаз" АҚ	ЖАҚ (Қазақстан)	10 сәуірінен
			бастап
4	"Шүлбі ГЭС-і" АҚ,	"АЭС" компаниясы	1999 жылдың
	"Өскемен ГЭС-і" АҚ	(АҚШ)	3 мамырынан бастап
5	"Химфарм" АҚ	"Доннадел ЛТД"	1999 жылдың
		компаниясы (Ирландия)	17 мамырынан
			бастап
6	"Ақбақай КБК" АҚ,	"Алтыналмас" ҰАК	1999 жылдың
	"Васильков КБК" АҚ	(Қазақстан)	24 мамырынан
			бастап
7	"Қазақмыс корпорациясы"	"Самсунг Дойчланд	1999 жылдың
	АҚ ("Жезқазғантүстімет"	ГмбХ"	7 маусымынан
			бастап

	АҚ-ын басқару жөніндегі	корпорациясы	
	келісім-шарт бойынша)	(Германия)	
8	Ішкі және халықаралық газ	"Трактебель С.А."	1999 жылдың
	тасымалдау жүйелері және	компаниясы	21 маусымынан
	шаруашылық қызмет	(Бельгия)	бастап

Оқығандар:

Қобдалиева Н.

Омарбекова А.